


Ф НАО МУК 4/9-04/1

**«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды медицина
университеті» КеАҚ Басқарма
Төрағасы - Ректор


А.А.Тұрмұхамбетова
«24» сәуір 2023 ж.

**«6В10102 - Жалпы медицина»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**


Оқу деңгейі – бакалавриат

Оқыту нысаны - ақылы негізде қысқартылған

ҚАРАҒАНДЫ 2023

"6B10102 - Жалпы медицина"білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасы "жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығының негізінде жасалды.

Медицина мектебі кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды
«24» ақпан 2023 г. Хаттама № 6

Медицина мектебі кеңесінің төрағасы  Полякова Е.О.

Түсу емтиханын өткізудің мақсаты мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына және бітірушінің құзыретіне сәйкес талапкердің "6B10102 - Жалпы медицина" білім беру бағдарламасын игеруге дайындығын анықтау болып табылады.

Міндеттері:

- Теориялық дайындық деңгейін анықтау
- Мәлімделген білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен салыстыруға жататын пәндер бойынша құзыреттер мен оқыту нәтижелерін айқындау

Қабылдау емтиханын бағалау түрлері мен критерийлері:

"Жалпы медицина" ББ қысқартылған оқу нысанына түсу емтиханының нысаны алдыңғы білім деңгейімен және оқуға түсушінің біліктілігімен анықталған:

"Фельдшер" және "Акушер" біліктілігінің "Емдеу ісі" мамандығы бойынша орта кәсіптік медициналық білімі бар түлектер "Анатомия" және "Физиология" пәндері бойынша тестілеуді және "Биохимия" және "Биофизика" пәндері бойынша әңгімелесуді қамтитын түсу емтихандарының 2 кезеңінен өтеді.

Қабылдау емтиханы шекті мәнге жеткен кезде сәтті тапсырылды деп саналады 1 және 2 кезеңдерде $\geq 50\%$ өту баллы.

Егер түсуші 1 кезең бойынша өту балының шекті мәнін алмаған жағдайда, ол екінші кезеңге жіберілмейді, бұдан басқа бірінші кезеңді қайта тапсыру көзделмеген.

Егер талапкер 1 кезеңнен сәтті өткен, бірақ екінші кезеңде шекті мәнге жетпеген жағдайда, қабылдау да жүргізілмейді, екінші кезеңді қайта тапсыру көзделмеген.

Теориялық дайындықты жақсарту мақсатында "6B10102 - Жалпы медицина" білім беру бағдарламасы бойынша қысқартылған оқыту нысандарына үміткер талапкерлер түсу емтихандарының екі кезеңін сәтті тапсырғаннан кейін бірінші семестр басталғанға дейін Цитология, эмбриология және жалпы гистология бойынша дәрістер курсы міндетті түрде тыңдауы тиіс. Курс сілтемелері төменде берілген:

**ЦИТОЛОГИЯ, ЭМБРИОЛОГИЯ, ЖАЛПЫ ГИСТОЛОГИЯ ТАҚЫРЫПТАРЫНА ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕ
БАР ВИДЕОДӘРІСТЕРГЕ СІЛТЕМЕЛЕР**

- <https://www.youtube.com/watch?v=QA7ssTp9el4> ЭМБРИОЛОГИЯ 2020 **СЕМЕЙ**
- <https://www.youtube.com/watch?v=YKzu6zMj-G4> ЦИТОЛОГИЯ
- <https://www.youtube.com/watch?v=Za9yJF5MkOk> ЦИТОЛОГИЯ **АЛМАТЫ ЭКОНОМ КОЛЛЕДЖ**
- <https://www.youtube.com/watch?v=cJ7fXJ4ZQm8> ЭПИТЕЛИЙ ТІНІ **ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІ**
- <https://www.youtube.com/watch?v=edN7n0Cpruw> БЕЗДІ ЭПИТЕЛИЙ ЖӘНЕ БЕЗДЕР **КАЗМЕД**
- <https://www.youtube.com/watch?v=8EUYgw80Dnw> ДӘНЕКЕР ТІНІ **СЕМЕЙ**
- <https://www.youtube.com/watch?v=KDSHenR0h3M> БОРПЫЛДАҚ ДӘНЕКЕР ТІН **КАЗМЕД**
- <https://www.youtube.com/watch?v=RQ7DkGxSgN4> ТЫҒЫЗ ТАЛШЫҚТЫ ДӘНЕКЕР ТІН **КАЗМЕД**
- <https://www.youtube.com/watch?v=Kdk32uG3eSc> ШЕМІРШЕК ТІНІ **КАЗМЕД**
- <https://www.youtube.com/watch?v=fyb2Bp2QfYs> СҮЙЕК ТІНІ **КАЗМЕД**
- <https://youtu.be/mtranztA6-w> БҰЛШЫҚЕТ ТІНІ
- https://www.youtube.com/watch?v=gAu1Zc_rUq0 БҰЛШЫҚЕТ ТІНІ
- <https://youtu.be/Xa0rrHXqt1Y> ЖҮЙКЕ ТІНІ
- https://www.youtube.com/watch?v=c0ajFEpiP_Y ЖҮЙКЕ ТІНІ

Оқуға дайындық тестін өткізу рәсімі

- Оқуға дайындық тесті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес талапкердің "Жалпы медицина" білім беру бағдарламасын игеруге дайындық дәрежесін анықтау.
- Тестілеу түріндегі қабылдау емтиханы университеттің компьютерлік сыныбында ақпараттық жүйеде өткізіледі.
- Әңгімелесу түріндегі түсу емтиханын емтихан комиссиясы бетпе-бет әңгімелесу кезінде өткізед

Қабылдау емтиханын сәтті тапсыру үшін сізге дайындық сұрақтары ұсынылады:

АНАТОМИЯ БЛОГЫ

1. Тірек-қимыл аппаратының жалпы анатомиясы. Қаңқа,оның бөлімдері.
2. Омыртқа жотасы. Төс және қабырғалардың құрылыстары.
3. Қол қаңқасы.Иық белдеуі және қолдың еркін бөлімінің сүйектері.
4. Аяқ қаңқасы. Жамбас белдеуі және оның бөліктері.
5. Аяқтың еркін бөлімінің сүйектері.
6. Бас қаңқасы. Бас сүйектерінің ми сауыты сүйектері.
7. Бас сүйектің бет бөлімінің сүйектері.
8. Сүйектер байланыстарының түрлері. Бас сүйек және тұлға сүйектерінің байланыстары.Омыртқааралық дискілер,байламдар.
9. Атлант-шүйделік және атлант-біліктік буындар. Қабырға-омыртқалық және төс-қабырғалық буындар. Кеуде торының пішіндері.
10. Иық белдеуінің буындары.
11. Қолдың еркін бөлімінің ірі буындары.
12. Жамбас белдеуінің буындары.
13. Аяқтың еркін бөлімінің буындары.
14. Кеуде, арқа бұлшықеттері мен шандыр қабықтары, құрылысы, топографиясы және қызметтері.
15. Көкет.
16. Іш бұлшықеттері мен шандыр қабықтары. Іштің тік бұлшықетінің қынабы.
17. Іштің ақ сызығы. Кіндік сақинасы. Шап өзегі.
18. Мойынның бұлшықеттері мен шандыр қабықтары. Мойын үшбұрыштары.
19. Бастың бұлшықеттері, шаңдыр қабықтары. Ымдау және шайнау бұлшықеттері.
20. Ымдау бұлшықеттерінің құрылысының ерекшеліктері.
21. Иық белдеуінің және қолдың бос орналасқан сүйектерінің бұлшықеттері мен шандырлар қабықтары.
22. Жамбас белдеуінің және аяқтың бос орналасқан сүйектерінің бұлшықеттері мен шандыр қабықтары.
23. Ас қорыту жүйесінің бөлімдері. Ас қорыту түтігінің жалпы құрылысы. Ауыз қуысы. Жұтқыншақ.
24. Өңеш, асқазанның құрылысы.
25. Жіңішке ішек, тоқ ішек, оның бөлімдері, құрылысы.
26. Бауыр, өт шығарғыш түтіктер және өтқуық, оның құрылысы, қызметтері.
27. Ұйқы безі, құрылысы, қызметтері, түтіктері.
28. Ішастар. Ішастардың туындылары.
29. Тыныс алу жүйесі құрылысының жалпы жоспары. Мұрын қуысы құрылысы, қызметі.
30. Көмекей, кеңірдек бронхылар құрылысы, қызметі.
31. Өкпелер, құрылысы және қызметтері.
32. Өкпеқап. Көкірекаралық.
33. Несеп шығару жүйесі құрылысының жалпы жоспары.

34. Бүйрек. Нефрон.
35. Несепағар, несепкүық құрылысы. Зәр шығару өзегі және оның жыныс ерекшелігі.
36. Жыныс жүйесі құрылысының жалпы жоспары. Аталық жыныс мүшелері.
37. Аналық жыныс мүшелері.
38. Жүрек-тамыр жүйесінің жалпы анатомиясы. Жүрек құрылысы. Жүрекқап.
39. Үлкен және кіші қан айналым шеңберлері.
40. Кіші және үлкен қан айналым шеңберінің артериялары. Жүректің тәждік артериялары.
41. Қолқа және оның бөліктері. Қолқа доғасының тармақтары.
42. Жалпы және сыртқы ұйқы артериясы, тармақтары.
43. Ішкі ұйқы артериялары, олардың тармақтары.
44. Бұғанаасты артериясы, тармақтары.
45. Қолқаның кеуде және құрсақ бөлімдері.
46. Үлкен және кіші қан айналым шеңберінің веналары.
47. Лимфа жүйесі. Лимфа түйіндері, құрылысы, қызметтері.
48. Кеуде түтігі, оның қалыптасуы.
49. Қан түзуші және иммунды жүйелердің мүшелері.
50. Жұлын. Жұлынның қабықтары.
51. Ми, оның бөлімдері. Сопакша ми, оның беттері, ішкі құрылысы. Артқы ми – мишық және көпір.
52. Ортаңғы ми төбесі және аяқшалары. Аралық ми.
53. Соңғы ми. Ми сыңарлары, үлкен ми сыңарлары.
54. ОНЖ – нің өткізгіш жолдары. Рефлекс туралы ұғым. Рефлекторлық доға – нерв жүйесінің негізгі анатомо-қызметтік бірлігі.
55. Жұлын сұйықтығының өндірілуі және айналымы.
56. Шеткері нерв жүйесі.
57. Ми нервтерінің жалпы сипаттамасы және жіктелуі.
58. Вегетативті нерв жүйесі.
59. Сезім мүшелерінің анатомиялы-қызметтік сипаттамасы.
60. Сыртқы, ортаңғы және ішкі құлақтың құрылысы.
61. Бездердің жіктелуі. Эндокринді жүйенің орталық және шеткері бездері.
62. Қалқанша, қалқанша маңы, айырша без, бүйрекүсті безі, ұйқы безінің құрылысы.

ФИЗИОЛОГИЯ БЛОГЫ

1. Қозғыш тіндер, қозғыш тіндердің физиологиялық қасиеттері. Лабильділік, рефрактерлік.
2. Қозғыш тіндердің тітіркену заңдары. Реобаза, хронаксия және олардың клиникалық практикадағы маңызы.
3. Мембраналық потенциал, оны тіркеу, пайда болу механизмі. Натрий-калий насосы, оның физиологиялық ролі. Локальді (Жергілікті) жауап. Жергілікті және таралушы қозудың ерекшеліктері.
4. Әрекет потенциалы және оның фазалары, пайда болуы, тіркеу. Қозу фазаларының әрекет потенциалы фазаларымен байланысы.
5. Қозудың миелінді және миелінсіз жүйке талшықтары бойымен таралуы. Олардың қозғыштық және лабильділік сипаттары.
6. Жүйке бойымен қозудың өту заңдылықтары. Парабизм, оның фазалары (Н.Е.Введенский), оның медициналық практика мен теориясындағы маңызы.
7. Синапстардың құрылымы, жіктелуі және функционалды қасиеттері. Әр түрлі синапстардағы қозудың таралу механизмдері мен ерекшеліктері.
8. Қозу механизмдері, ҚПСП-дың иондық механизмдері. Тежеуші синапстар және олардың медиаторлары. ТПСП иондық механизмдері.
9. Қимыл бірліктері туралы түсінік. Электромиография.
10. Бұлшықеттердің тонусы, оның қалыптасу және реттелу механизмдері. Қаңқа бұлшықеттерінің жиырылу режимдері.

11. Қаңқа бұлшықеттерінің жиырылу түрлері.
12. Бұлшықеттің жеке дара жиырылуы, оның фазалары. Бұлшықеттің жеке дара жиырылуының жинақталуы.
13. Тетанус, оның түрлері. Күштің оптимумы мен пессимумы.
14. Бұлшықет жиырылуы мен босаңсу механизмі. Бұлшықеттің жиырылуы кезінде химиялық және жылу процесстері. Бұлшықеттердің физикалық қасиеттері. Бұлшықеттердің күші және жұмысы.
15. Орталық жүйке жүйесінің жалпы физиологиясы. Жүйке орталықтарының қасиеттері. Орталық жүйке жүйесін үйлестірудің негізгі принциптері.
16. Орталық жүйке жүйесіндегі тежелу үрдістері. Адамдарда орталық жүйке жүйесінің қызметін зерттеудің негізгі әдістері.
17. Жұлын. Жұлынның рефлексік және өткізгіш қызметтері.
18. Жұлын сұйықтығы: қызметтік мәні, қалыптасуы, айналымы, реабсорбциясы.
19. Сопақша ми және вароли көпірі.
20. Ортаңғы ми. Статикалық және статокинетикалық рефлексстер.
21. Ретикулярлық формацияның төмендеуші және өрлеме өткізгіш жолдарының әсерлері.
22. Мишық.
23. Аралық ми.
24. Қыртысты орталықтар. Базальды ганглия. Лимбиялық жүйе.
25. Үлкен ми қыртысының қызметі.
26. Талдағыштардың физиологиясы. Сенсорлық жүйелер құрылымының жалпы қағидалары.
27. Иіс сезгіш талдағышы.
28. Соматосенсорлық жүйенің физиологиясы.
29. Көру талдағышы.
30. Дәм талдағышы.
31. Есту талдағышы.
32. Тепе-теңдік талдағышы.
33. Бейімделу физиологиясы.
34. Туа біткен және қалыптасқан мінез-құлық. Ағзаның шартты рефлексік әрекеті, нейрофизиологиялық механизмдер.
35. Шартты рефлексік әрекеттің тежелуі.
36. Эндокриндік бездердің жалпы сипаттамасы. Гормондардың жалпы қасиеттері мен қызметтері.
37. Гипоталамус-гипофиз-бүйрек үсті безінің ағзаны реттеудегі рөлі. Кері байланыс механизмі.
38. Қалқанша безінің гормондарының жалпы сипаттамасы. Құрамында йод бар гормондардың метаболикалық әсері (Т3, Т4).
39. Қалқанша маңы бездерінің гормондары.
40. Ұйқы безінің эндокриндік қызметі және оның реттелуі.
41. Бүйрек үсті безінің гормондары, олардың метаболизм мен ағзаның қызметін реттеудегі рөлі.

БИОХИМИЯ БЛОГЫ

1. Протеиногенді амінокышқылдарының жалпы сипаттамасы. Пептидтердің жалпы сипаттамасы.
2. Белоктар молекуласының құрылымдық ұйымдасу деңгейлері. Белоктардың бірінші реттік құрылымы. Белоктардағы полипептидтік тізбектердің конформациясы. (екінші және үшінші реттік құрылымдары). Байланыстың түрлері. Белоктардың домендік ұйымдасуы .

3. Белоктардың биологиялық қызметтері.
4. Белоктардың денатурациясын анықтау. Денатурация кезеңдері. Денатурациялаушыагенттердің жалпы сипаттамасы және олардың әсер ету ерекшеліктері. Денатурациялаушы агенттердің медицинада және биологияда қолданылуы.
5. Белоктық препараттардың медицинада қолданылуы (инсулин, интерферондар және т.б.).
6. Ферменттердің медицина салаларында қолданылуы жайындағы түсінік. Энзимодиагностикада және и энзимотерапия туралы түсінік.
7. Тұқым қуалайтын энзимопатиялар жайындағы түсінік.
8. Алиментарлық және екінші реттік авитаминоздар мен гиповитаминоздар. Гипервитаминоздар.
9. Жасуша мембранасының құрылысы және қызметі туралы жалпы түсінік.
10. Молекулалық биологияның негізгі постулаты және генетикалық механизм
11. Нуклеин қышқылдарының бірінші реттік құрылымы және нуклеотидтік құрамы
12. РНҚ-ның түрлері.
13. ДНҚ-ның бірінші реттік құрылымы және нуклеотидтік құрамы. Ген туралы түсінік.
14. ДНҚ-ның биосинтезі (репликация).
15. Транскрипция.
16. аРНҚ синтезі генетикалық ақпараттың ДНҚ-дан аРНҚ-ға тасымалдану әдісі ретінде
17. Трансляцияның механизмі: инициация, элонгация және терминация.
18. Белок синтезі үдерісі кезіндегі рибосома суббірліктерінің қызметі.
19. Белоктардың посттрансляциялық өзгерістері.
20. Белок синтезінің реттелу механизмі. Оперон жүйесі.
21. Эукариоттардағы белоктар синтезінің реттелуі: трансляция және белоктардың посттрансляциялық өзгерістері деңгейінде реттелуі.
22. Жасуша белоктарының ыдырауы. Өртүрлі белоктардың жартылай өмір сүру уақыты.
23. Матрицалық синтездердің ингибиторлары.
24. Генетикалық өзгергіштіктің молекулалық механизмі. Гендік мутация: механизмі және салдары.

БИОФИЗИКА БЛОГЫ

1. Сингер-Николсонның сұйық кристалды моделіне сәйкес мембрананың компоненттері және оның құрылымы.
2. Мембрана функциялары (барьерлік, матрицалық, механикалық).
3. Пассивті тасымал. Қарапайым диффузия. Анықтамасы.
4. Пассивті тасымал. Жеңілдетілген диффузия. Анықтамасы.
5. Пассивті тасымал. Осмос және сүзу. Анықтамасы.
6. Белсенді тасымал. Электрогендік иондық насостар.
7. Электрхимиялық потенциал ұғымы.
8. Тыныштық потенциалы және оның молекулалық механизмдері.
9. Өрекет потенциалы. Уақыт сипаттамалары. Өрекет потенциалының фазалары.
10. Жүйке импульсінің қозғыш талшық бойымен таралуы.

Электрондық кітаптарға сілтемелер:

https://elib.kz/ru/search/read_book/866/

Түсу емтиханын өткізу регламенті

- Қабылдау емтиханын университет өткізеді.
- Құжаттар 14 тамызға дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары университет белгілеген мерзімде 15 тамыздан 25 тамызға дейін өткізіледі.
- Қабылдау емтиханының ұзақтығы (тестілеу кезені) - 120 минут
- Қабылдау әр оқу тіліне 10-нан 12 адамға дейінгі топты қабылдау кезінде жүргізіледі
- Қабылдау күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін жүргізіледі

ММ деканы Декан ШМ. ББ басшысы
«6В10102 – Жалпы медицина»



Полякова Е.О.